

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі**  
**М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік**  
**университеті**  
**Ғылыми кітапхана**

«БҚМУ ғылымдары» сериясы

**ИМАНҒАЛИЕВ**  
**АСХАТ СӘЛІМҰЛЫ**

**Орал, 2013**

**УДК 016:929**  
**ББК 91.9:63**  
**И50**

**Иманғалиев Асхат Сәлімұлы:** биобиблиографиялық көрсеткіш. - Орал М.Өтемісов атындағы БҚМУ баспа орталығы, 2013.- 47б.

Ұсынылып отырған биобиблиографиялық көрсеткіш - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры Иманғалиев Асхат Сәлімұлына арналады.

Биобиблиографияға ғалымның өмірі мен шығармашылық қызметін сипаттайтын мәліметтер, оның еңбектері мен ол туралы жазылған әдебиеттер енгізілді.

Материалдар хронологиялық тәртіппен орналасқан, әр жылдың көлемінде - әліппе ретімен. Бірлесіп жазған авторлардың есім көрсеткіштеріндегі сілтемелер хронологиялық рет санымен берілген.

Көрсеткіш ғалымдарға, ізденушілерге, студенттерге, оқытушыларға, көпшілік оқырман қауымға арналған.

Предлагаемый биобиблиографический указатель посвящен доктору педагогических наук, профессору, академику Академии социальных наук РК, ректору Западно-Казахстанского государственного университета им. М.Утемисова Асхату Салимовичу Иманғалиеву.

Биобиблиография включает материалы, характеризующие жизнь и творческую деятельность ученого, перечень его публикации и литературу о нем.

Материал в указателе расположен в хронологическом порядке по алфавиту. В именном указателе соавторов ссылки даются на порядковые номера работ.

Указатель предназначен для студентов, преподавателей, научных работников и широкого круга читателей.

**УДК 016:929**  
**ББК 91.9:63**

**М.ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН  
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕКТОРЫ,  
ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ,  
ПРОФЕССОР АСХАТ СӘЛІМҰЛЫ  
ИМАНҒАЛИЕВТЫҢ ҒЫЛЫМИ –  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ  
ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША ОЧЕРК**

Әр халықтың әлемдік өркениетке қосар үлесі сол халық өкілдерінің мағыналы тіршілігіне, әр жаңа буын ұрпақтың рухани сабақтастығын жалғастыру мүмкіндігіне байланысты. Осы үрдістің бастауы - білім, білімнің тұғыры –ұстаз. Сол себепті де өзінің мән-мағынасы, игі істерінің мазмұны, адамзат өркендеуіне қосар үлесі тұрғысынан ұстаздық өмір ғибратты ғұмыр деуге болады. Әрбір адамның үлкен өмірге қадам басуы, өзін қоршаған орта мен әлемді тануы, дүниеге бір кірпіш болып қалануы – ұстаздық еңбектің нәтижесі.

Осындай ұстаздардың бірі және ұстаздық еңбегін ғылыммен қисынды ұштастыра біліп, жоғары жетістіктерімен Қазақстан ғылымының дамуында өзіндік үлесі зор ғалым-ұстаз, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Асхат Сәлімұлы Иманғалиев.

Бүгінгі таңда өзіндік дәстүрі мен құндылықтарын қалыптастырған жоғары оқу орны ретінде кеңінен танымал, 80 жыл ішінде 70 мыңнан астам маман даярлап, республикамыздың Батыс өңірінде ғана емес, сонымен қатар жалпы Қазақстанның жоғары мектебі жүйесінде, оның интеллектуалдық, ғылыми-білімдік, қоғамдық-саяси өмірінде ерекше орынға ие жоғары оқу орнын басқарып отырған білікті басшы мерейлі 60 жасқа толып отыр.

Әңгімені әріден бастасақ, бұдан елу жыл бұрын Атырау облысының Жылыой ауданында Сәлім Иманғалиев есімді қарапайым адам өмір сүрді. Ақ адал еңбегімен қатардағы милиция қызметкерлігінен аудандық ішкі істер бөлімінің бастығына, офицерліктен подполковник шеніне дейінкөтерілген оның отбасында өрімдей бес ұл-қызы бар болатын. Ел ішінде қара қылды қақ жарған әділдігімен, қайырымдылығымен алғысқа бөленген

Сәкенді жергілікті тұрғындар аса құрметтеп, сыйлайтын. Себебі өзіне де, қарамағындағыларға да қатаң талап қоя білген турашыл жан елдімекен үшін көптеген игілікті жұмыстар жасады, айта қаларлықтай іс тындырды. Сондықтан да күні бүгінде Құлсары қаласындағы бір көшенің Сәлім Иманғалиевтің (марқұм) есімімен аталуы сол кезеңнен бері халық есінде қалыпқа құйылып қалған аяулы азаматқа деген құрметтің бір көрінісіндей.

- Біз әкемізден көп нәрсеге үйренген болатынбыз. Тапсырылған жұмысқа жауапты қарау, адамдар арасындағы сыйластық, адами қасиеттер – бәрі-бәрі мамандығы мұғалім анамыз бен құқық қорғау мекемесінде еңбек еткен әкемізден сіңген дәстүрлі тәрбие. Жанұямыздағы жарасымды тіршілікүядан түлеп ұшқан бес баланың қай-қайсысы да ұлағаттылық дарытты. Бүгінде бір-бір шаңырақ құрып, бедел мен абыройға ие болып жүрсек, сол абзал жүректі ата-анамыздың өз парыздарын адал атқарған еңбектерінің казаки, тәлім-тәрбиесінің жемісі деп білемін,- дейді қашанда Асхат Сәлімұлы.

Өмірді зерделей білген, ұлтының салт-дәстүріне жетік әке ұрпағына асыл мұра қалдыра біліпті. Ол-адамды, өмірді сүйе білу өнері. Дәлірек айтсақ, жүрек пен ақылға тіл бітіргізіп, өзара үлестіріп, адамзатқа қызмет ету жауаптылығын ұрпақ бойына кішкентайдан сіңіру. Бұл жанұядағы тәрбиенің негізгі құралы еңбек болатын. Асхат Сәлімұлы да 7 кластан бастап Құлсарыдағы Автобаза мекемесінде жазғы каникулдың үш айы бойы слесарға көмекші, жөндеуші болып жұмыс жасайтын.

1970 жылы оқуға түсе алмай қалып, тауы шағыла қынжылған ұлына әкесі айтқан ақыл үлкен өмірге берген жолдамадай жадында мәңгі сақталып қалды. – Балам, бұл өмірде біреу саған жақсылық жасауға міндетті деп ойлама. Өз еңбегіңмен адам бол. Өзің қолыңнан келген жақсылығыңды айналаңнан аяма. Алдына мақсат қойып, соған жетуге тырыс. Оқу осы Гуревте (Атырау) де жетеді. «Алыстан арабалағанша, жақыннан дорбала» деген мақал бар халқымызда. Үйдің қасынан оқып, еңбектене білсең, үлкен арманға қашанда қол жеткізуге болады.

Әке сөзіне ден қойған ұлы мұны құп көрді. Балалықтың бал дәмін тата жүріп, жеңіл жолмен үйге бір нәрсе келіп көрмегенін, не ішіміз, не киеміз демегенмен, үйде басы артық байлық та жоқ екенін көріп, ойға түйіп өсті.

- Балалар, үйге кіріс тек әкенің жалақысы ғана, еңбекақымен күн көріп жатырмыз» -деген сөз сәби жүректерге адал өмірдің көрінісіндей құйыла берді. Осының бәрі ұқыптылыққа, еңбекті бағалаушылыққа, қарапайымдылыққа үйретті.

Асхат Сәлімұлының білімпаздығына мектеп өмірінің әсері үлкен болды. Құлсары поселкесіндегі А.С.Пушкин атындағы орта мектебінің орыс класына барған бүлдіршін кезінен-ақ үйренуге, білуге деген құштарлығы шексіз еді. Мұны ғалым ұстаздарының сабақ берудегі кәсіби шеберліктеріне, шығармашылық ізденістеріне теліді.

- Маған білім берген мұғалімдерімнің зердемді оятуы арқасында бойымда білімге, ғылымға деген құштарлық оянды. Көкейімде тек өз басымды ғана емес, айналадағы адамдарға қандай пайда келтіре алам, өмірді жақсарту -деген сияқты ұғымдар пайда болды. Тұлға ретінде қалыптасуыма Сапар Шаманұлы, оның зайыбы Фатима Мәжитқызы апай, класс жетекші болған Жәния Сейітқызы, мектеп директоры Мира Петровна Завершинская, оның жұбайы Александр Максимович Завершинский, өзге де мұғалімдердің тәлім-тәрбиесі ықпал етті деп айта аламын – дейді Асхат Сәлімұлы.

Мектептегі бақытты балалық шақтың ғалымның санасында қалдырған шырайлы сәттері көп екені де анық. «Шебер қолдар» үйірмесінің белсенді мүшесі болған Асхат Сәлімұлының он саусағынан өнері төгіліп өсті. Үйдегі түрлі электр құралдарын өзі оңдап, жөндей беретін кішкентай балаға көрші-көлемдердің де жиі «күні түсетін». Бесінші класта машина айдап үйренді. Ұлының мұндай өнерін әкесі үнемі қолдап-қолпаштап отыратын. Сонымен қатар «Білімді болсаңдар, алдарыңнан даңғыл жол ашылады. Білімнен құр қалсаңдар, көп жол жабылады, –деп ұстаздар айтқан асыл сөздер жадында жаңғырып тұратын.

Баланың білімінің сараланатын жері – бұл мектеп. Осыған орай, болашақ ғалымның тарих пәнінің мұғалімі мамандығын қалауына ұстазы Фатима Мәжитқызының орны ерекше. Өйткені қазақ халқының тарихын аса шеберлікпен жеткізетін, қазақ ұлты екендігін, этнос екенін, өзіміздің тарихымыз болуы керектігін үнемі айтып отыратын пән мұғалімінің сөзі шәкірттерінің есінде мәңгі сақталған және Кеңестер Одағы кезінде мұндай батылдыққа бару -әрине, ерлікпен тең еді.

Асхат Сәлімұлының тарихқа қызығушылығы оны 1971 жылы Атырау педагогикалық институтының тарих-филология факультетіне алып келді. Балаң жігіт білімге құштарлықпен, аса ынтазарлықпен қол созды, студенттік өмірге құлшына араласты. Жалындап тұрған жастың таудай талабын оқытушылар да көрмей қалмады. Факультет деканы Нұрбахит Иманғалиұлы, оқытушы Людвиг Иванович Мидельский, Зұлқарнай Алдамжаров, Нина Михайловна Борисова ізденімпаз жастың кеудесінде тұнып тұрған арман мен мақсатты таныды, қабілетін байқап, оның дер кезінде ашылуына қолдарын созды, бағыт берді. Асхат Сәлімұлы үшін бұл нағыз білім мен ғылымның кәусарына бас қойған, мазмұнды шақ еді және сімірген сайын жан сарайы кеңіп, білім теңізінде жүзген сайын құлашы да кеңге сермелетін.

Атырау топырағында туып өскен, атамекенге жаны ашитын айтулы адамдардан тәрбие алғаннан да шығар, сол кездің түлектері ауылын тастап, алысқа ұзауды ойламайтын да. Мұның бір дәлелі Асхат Сәлімұлының институтты бітіргеннен кейін еңбек жолын қарапайым ғана қызметтен бастап, теміржол техникумына жұмысқа орналасуы. Сол бір тарих пәнінен сабақ берген алғашқы оқытушылық жұмысы – үлкен өмір бастауындағы айтарлықтай сәтті қадамы болды. Тарих кабинетін өз қиялындай етіп жасақтап, ойында жүрген біраз нәрсені «сыртқа» шығарды. Сол кездің өзінде-ақ жас педагогтың жаңаша оқыту тәсілдері әріптестерінің назарына ілігіп, қызығушылықтарын туғызды. Стенд, карта, өзге де көрнекі құралдары өзгеге ұқсамайтын мазмұндылығымен, күрделі айшықтарымен болашақ ғалымның өз сұрлеуіне түскенін, барар биігі алда екенін танытты. Әрдайым жаңа идеялардың толассыз көзіне айналған жас маманды үш жылдан соң техникумның комсомол комитетіне хатшылыққа сайлайды.

Ортада таныла бастаған білікті маманды 1979 жылы Атырау педагогикалық институтына жұмысқа шақырылады. Өзіне студент шағында дәріс берген оқытушысы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор «Жалпы және халықтық педагогика» кафедрасының меңгерушісі, Қадыржан Біләнулы Сейталиев бұрынғы тиянақты студентін сыртынан бақылап, жұмыстарына үнемі риза болып жүретін. «Түбінде институтқа ораласың, сенің жолың ғылымда» дейтін. Осы сөз Асхат Сәлімұлының тағдырында үлкен маңыз атқарды. Ұстаз сенімі көкейде жүрген көп арманның қақпасын ашты.

Педагогика кафедрасында үш жыл еңбек еткеннен кейін Алматыда Ы.Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институты жанындағы аспирантураға түсіп, Г.М.Хравченковтың ғылыми жетекшілігімен және өзінің көздеген мақсатқа деген жалыны, жігері арқасында екі жылда кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты. Сол 1985 жылы институтқа қайтып оралған жас ғалымның ізденіс пен еңбекке толы тынымсыз күндері басталды. Осы жылдардың қай-қайсысын да зерттей қарасак, аумалы-төкпелі кезеңдегі жас ғалымның өзіндік шешім қабылдай білген іскерлігін, қайнаған істің тетігін дәл табу шеберлігін көруге болады. Сондықтан да тарих-филология факультеті деканының орынбасары, педагогика факультетінің деканы, тарих-филология факультетінің деканы, қызметтерін жоғары жауапкершілікпен абыройлы атқара білді.

1990 жылы институтқа ғылыми істер жөніндегі проректор болып тағайындалды. Бұл лауазымды қызметтің басшы, ғалым, педагог ретінде тәжірибе жинақтаған кемелді сәтімен тұспа-тұс болуы жәйдан-жәй емес-ті. Бұл - әріптестерінің жасы бар, үлкені бар, көз алдарында еңбегімен есейіп, дарынымен дараланған жанның еңбек зейнетіне берілген зор құрметі мен бағасы. Басшылық-әкімшілік жұмысқа араласуы арқылы көп мәселеге көзі ашылған Асхат Сәлімұлы сол кездегі институт ректоры, ғылым докторы, академик Ж.С.Ақылбаевтың жас ғалымға үлкен үміт артқан әкесіндей қамқорлығы мен үйреткен өмірлік мол тәжірибесін ыстық ілтипатпен еске алады.

Асхат Сәлімұлы осы жылдары ғылымға мықтап ден қойды. Көрші Ресейде 1990 жылы валеология деген атаумен өз орнын тапқан ғылым саласы - біз үшін есігін енді ғана ашқан жаңалық болатын. Денсаулық туралы осы ғылыммен айналысуды Қазақстанда тұңғыш рет қолға алған жерлесіміз Асхат Сәлімұлының алдында мүлдем тың тақырып, оны зерттеу тұрды. Бұған дейін халықтық педагогика проблемаларымен айналысып, тақырыптық кітаптар шығарып, үлгерген ғалым енді адамның жеке денсаулығы туралы ғылымға қызыға араласты.

Тағы да кітіпханадағы ұзақ ізденістер, жолсапарлар, уақытпен санаспай жұмыс істеу өз жемісін берді. Салалас әріптестерін тауып, байланыс орнатуы тақырып шеңберін кеңейте түсті. Жетекшілері Г.Қ.Нұрғалиева мен Қ.Х.Закарьянов

валеология ғылымынан педагогика аспектісінде докторлық еңбек әзірлеген жас ғалымға батылдығы мен еңбекқорлығы үшін өз жоғары бағаларын берген болатын.

1999 жылы 14 мамыр күні академик Қ.Х.Закарьяновтың Спорт және туризм академиясының жанынан құрылған докторлық кеңесте валеология ғылымынан қазақ ғалымы А.С.Иманғалиев тұңғыш рет докторлық диссертациясын сәтті қорғап шықты. Валеология тақырыбында жазылған екі монография мен екі оқулығы және бірнеше оқу-әдістемелік құралдары күні бүгінге дейін мектептер мен жоғары оқу орындарында пән ретінде пайдаланылуда.

Докторлық қорғап университетке оралғаннан кейін халықаралық қатынастар жөніндегі проректор лауазымын 2000 жылға дейін атқарды. 1999 жылы Атырау облысына Әкім болып тағайындалған И.Н.Тасмағамбетов алға қойған іргелі міндеттерінің бірі өнер мен білімді жоғары деңгейге көтеру болатын. Дәл сол кезеңде институт ректоры Х.Б.Табылдиев Мәслихатқа хатшылыққа сайланды да, орнына А.Иманғалиевті әкімнің өзі ұсыныс жасаған болатын. Сөйтіп, 2000 жылдың 9 қаңтарында ректорлық креслоға отырған Асхат Сәлімұлының мойнына проблемасы мен жауапкершілігі жетерлік, ғимараты азып-тозған оқу орны заманның қиын-қыстау сәтінде жүктелді.

Асыл адам қашанда қиыннан қиыстырып жол табады емес пе, қиындықта қайрақтай шыңдалып, қысталаң сәтте қажыр-қайратын еселей түседі. Асхат Сәлімұлының өмір жолын қарап отырған жан, оның бір күнді де мәнсіз өткізбейтінін байқар еді. Үнемі іздену, толассыз ой еңбегі, тек ғылым жолы ғана емес, атқарып отырған лауазымына орай жасалып жатқан жұмыстары, қоғамдық қызметі, дәріс беру, түрлі кездесулер - мұның бәрі бір адам үшін қаншама күш-жігерді, уақытты ұтымды пайдалана білуді керек етеді десеңізші.

Салмақты міндетті мойнына алған Асхат Сәлімұлы асқаралы асудың алдында тұрғанын анық сезінді. Сол күні жұмыстан үйге келісімен оңаша отырып, қолына қалың дәптер алды. Он жылдың үстінде проректор болған оның көкейінде жүрген көп ойлары да, пісіп жетілген сарабдал сырлары да жеткілікті еді. Атыраудың айшықты білім ордасын қайтсем жоғары атақ-даңққа жеткізем деген арман-мақсатын қалың дәптерге тізбелеп жаза берді. Неден бастау керек? – деген сұраққа жауаппен басталған бұл мақсаттарын санамалап шықса, 92 тармаққа жетіп тоқтапты.

Жоба деуге де болатындай бұл атқарылуға тиісті жұмыстардың уақ-түйегі жоқ, бәрі де осы шаңырақтың қазіргі заман талабына сай болуын көздеген ізгі ниеттен туған мұраттар. Ішінде кабинеттерді күрделі жөндеуден өткізуден бастап, гардероб, фойе, асхана, бөлмелерін ыңғайландыру, кезекшілік, сабақтардың уақытында өтуі, озық технологияларды оқу процесіне енгізу, компьютерлендіру, базаны нығайту, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жандандыру, жаңа мамандықтар мен факультеттерді ашу, еңбекақыны көтеру, өзге де мақсаттар жеткілікті болатын.

Осы арада үш жыл сынаптай сырғып өте шықты. Жаңа ректордың құлшынысы бүкіл ұжымға серпін берді, заман талабына сай жаңа көзқарас, жаңаша жұмыс жасау процесі жүзеге асты. Басшының асыл ойларын ұжым бірден қолдаған сәттен бастап-ақ іс оңға басып жүре берді. Кезекті педагогикалық кеңес кезінде университеттегі атқарылған жұмыстар туралы айтып тұрған Асхат Сәлімұлы «осы 92 тармақтың 86-сы бүгінгі таңда жүзеге асты»-дегенде ұжым мүшелерінің ризалық көңілдері қол шапалақтауға ұласты. Бұл жүзеге асқан жұмыстардың ішінде «Дебат» клубы, «КВН», студенттер театры, халық аспаптар оркестрі, хор капелласы сияқты игі жұмыстар да өз бастауын алған еді.

Жоғары білім беру саласындағы қызметте мол тәжірибесі бар білікті басшы, белгілі ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Иманғалиев Асхат Сәлімұлы Білім және ғылым министрі Б.Т.Жұмағұловтың бұйрығымен 2011 жылдың 27 шілдесінде М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры болып тағайындалды.

Қазіргі кезде білікті басшы университет ұжымының күш-жігерін келешектегі ілгерлеушілікке, инновацияға, білім берудің жоғары сапасына жетуге бағыттап, оның даму стратегиясына жаңа қарқын алуына ат салысуда. Аздаған уақыт ішінде университетте оқу, ғылыми және тәрбие жұмыстарын жетілдіру бойынша студенттерді академиялық ұтқырлық шеңберінде дайындау бағытында және жаңа ІТ технологиялар паркін ашуда қомақты жұмыстар атқарылды. Үстіміздегі оқу жылы Европа мен Ресей университеттерімен 15 келісімшарт жасалып, университет ғалымдары Қазақстанның Батыс аймағының әлеуметтік-

экономикалық және экологиялық мәселелеріне байланысты ғылыми-техникалық зерттеу жобаларын жүзеге асыру бойынша тендерлерге қатысып, қомақты қаржы ұтып алды.

Университетте электронды оқыту жүйесі енгізіліп, аймақта сұранысқа ие жаңа мамандықтар ашу бойынша жұмыстар нәтижелі жүргізілуде. 2011-2012 оқу жылынан бастап университеттің бірқатар білім беру бағдарламалары сәтті халықаралық аккредиттеуден өтсе, 2012-2013 оқу жылы Білім және ғылым министрілігінің бұйрығымен өткізілген мемлекеттік аттестацияда жоғары көрсеткіштерге ие болды.

Өскен, өресі биік, озық орданың басшысы, ректор Асхат Сәлімұлы Иманғалиевтің жалпы Батыс өңірінің білім саласына қосқан ерен еңбегін ұжымының жеткен жетістіктері негізінде айта отырып, білім, ғылым жолын қуған жас буын үшін ғажайып үлгі-өнеге десек, артық айтқандық емес. Оны сонымен қатар басшы, ғалым, қоғам қайраткері ретінде иеленген марапаттаулар да дәлелдей түседі. Олар: «Парасат» мемлекеттік наградасы, «ҚР білім беру ісінің үздігі», «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері», «ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін», «Каспий жағалауы ЖОО ассоциациясына 10 жыл» төсбелгілері, «Ы.Алтынсарин», «А.Байтұрсынов» медальдары, «ҚР тәуелсіздігіне 10 жыл», «ҚР Конституциясына 10 жыл» мерейтойлық медальдары.

Батыс өңірінің ардақты азаматтарының бірі, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Асхат Сәлімұлы Иманғалиевтың биіктеп бара жатқан баспалдақтарының әр сатысы оның ғылымға қосқан мол үлесі мен табанды еңбегінен қаланғанын біз жерлестері әрі әріпестері мақтаныш етеміз.

**М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы Сардарова Жаннат Ысмағұлқызы**

## **АСХАТ СӘЛІМҰЛЫ ИМАНҒАЛИЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БЕЛЕСТЕРІ**

**Асхат Сәлімұлы Иманғалиев 1953 жылы 21 тамызда Атырау қаласында дүниеге келген.**

**1970 ж.** Құлсары ауылында Пушкин атындағы орта мектебін бітірді.

**1970- 1971 жж.** Гурьев облысы, Ембі ауданы, Құлсары ауылы, (қазір Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы) Құлсары автобазасының электригі болып жұмыс істеді.

**1971- 1975 жж.** Гурьев педагогикалық институтының студенті.

**1975-1976 жж.** Гурьев теміржол техникумының тарих пәнінің оқытушысы.

**1976- 1977 жж.** Совет армиясы қатарында қызмет етті.

**1977-1979 жж.** Гурьев теміржол техникумының комсомол ұйымының хатшысы.

**1979-1982 жж.** Гурьев педагогикалық институтының педагогика және психология кафедрасының оқытушысы.

**1982 ж.** Гурьев педагогикалық институтының педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы.

**1982 - 1985 жж.** Алматы қаласы Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылыми – зерттеу институтының аспиранты.

**1985 ж.** Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін «Қазақстан мектеп оқушыларының еңбек белсенділіктерінде оқушылардың қоғамдық-еңбек белсенділіктерін дамыту (1958-1980 жж.)» деген тақырыпта диссертация қорғады.

**1985 - 1989 жж.** Гурьев педагогикалық институтының педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы,

**1987 ж.** Гурьев педагогикалық институтының мектепке дейінгі тәрбие және бастауыш оқыту факультетінің деканы.

**1987 - 1989 жж.** Гурьев педагогикалық институтының тарих-филология факультетінің деканы.

**1989 - 2000 жж.** Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ғылыми істер жөніндегі проректоры.

**1991 ж.** «Педагогика» мамандығы бойынша доцент атағы бекітілді.

**1996 ж.** Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің жалпы және халықтық педагогика кафедрасының профессоры.

**1997 ж.** Профессор ғылыми атағы бекітілді.

**1998 ж.** Атырау қалалық Мәслихатының депутаты.

**1999 ж.** Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін «**Жоғары сынып оқушыларының дене мәдениетін шынықтыру жүйесінде педагогикалық валеологияны дамыту**» атты тақырыпта диссертация қорғады.

**2000 – 2008 жж.** Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры.

**2001 ж.** Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің жанындағы 13.00.01 «Жалпы педагогика, педагогика жә

не білім беру тарихы, этнопедагогика» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының кандидаты дәрежесін беру жөніндегі К.14.61 диссертациялық Кеңесінің төрағасы болып бекітілді.

- ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі болып сайланды.

**2002ж.** «Отан» партиясы облыстық филиалы Президиумының мүшесі.

**2003ж.** «Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының ректорлар Одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Атырау филиалының төрағасы болып тағайындалды.

- Атырау облыстық Мәслихатының депутаты болып сайланды.

**2007 ж.** Қазақстан Республикасы Мәжілісінің сайлауында «Нұр Отан» партиясы жанындағы Атырау облыстық қоғамдық штабының мүшесі болып сайланды.

**2008-2009 жж.** Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде ректордың кеңесшісі қызметін атқарды.

**2009 ж.** наурыз айында «Каспий жағалауы академиясы» қоғамдық бірлестігінің мүшесі болып тағайындалды.

**2011 ж.** - М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры.

**2012 ж.** Батыс Қазақстан облысы мәслихатының депутаты болып сайланды, бюджет және экономикалық мәселелер бойынша тұрақты комиссияның мүшесі.

**Марапаттары:**

1990 ж. «**Ы.Алтынсарин атындағы**» медалі;

1998 ж. «**Қазақстан Республикасының білім беру үздігі**» төсбелгісімен;

2001 ж. «**Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл**» мерейтойлық медалі;

2003 ж. «**А.Байтұрсынов атындағы**» медалі;

2003 ж. «**Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері**» төсбелгісі;

2005 ж. «**Қазақстан Конституциясына 10 жыл**» мерейтойлық медалі;

2005 ж. «**Парасат**» ордені;

2006 ж. «**10 лет Ассоциации вузов**» төсбелгісі;

2007 ж. «**Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін**» төсбелгісі.

2012 ж халықтар арасындағы достықтың нығайуына, ғылым және білім саласының дамуына қосқан үлесі үшін Қалмақ республикасы үкіметінің мақтау қағазымен марапатталды.

## **ОСНОВНЫЕ ДАТЫ ЖИЗНИ И НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АСХАТА САЛИМОВИЧА ИМАНГАЛИЕВА**

**Асхат Салимович Имангалиев родился 21 августа 1953 года в г. Гурьеве (ныне Атырау).**

**1970 г.** - окончил среднюю школу им. Пушкина пос.Кульсары Эмбинского района Гурьевской области (ныне г.Кульсары Жылыойского района Атырауской области).

**1970 - 1971 гг.** - электрик Кульсаринской автобазы пос. Кульсары Эмбинского района Гурьевской области.

**1970 - 1975 гг.**- студент Гурьевского педагогического института.

**1975 - 1976 гг.** - преподаватель истории Гурьевского техникума железнодорожного транспорта.

**1996 - 1977гг.** - служба в рядах Советской армии.

**1977 - 1979 гг.** - секретарь комсомольской организации Гурьевского железнодорожного техникума.

**1979 - 1982 гг.**- преподаватель кафедры педагогики и психологии Гурьевского педагогического института

**1982 г.**- старший преподаватель кафедры педагогики и психологии Гурьевского педагогического института.

**1982 - 1985 гг.**- аспирант НИИ педагогических наук им. И. Алтынсарина г. Алма-Аты.

**1985 г.** - защита диссертации на соискание ученой степени кандидата педагогических наук **«Развитие общественно-трудовой активности учащихся в трудовых объединениях школьников Казахстана (1958 - 1980 гг.)»**

**1985 - 1989 гг.**- старший преподаватель кафедры педагогики и психологии Гурьевского педагогического института.

**1987 г.**- декан факультета дошкольного воспитания и начального обучения Гурьевского педагогического института.

**1987-1989 гг.**- декан историко-филологического факультета Гурьевского педагогического института

**1989 - 2000 гг.** - проректор по научной работе Атырауского государственного университета им. Х. Досмухамедова.

**1991 г.** - утверждено ученое звание доцента по специальности "Педагогика".

**1996 г.** - профессор кафедры общей и народной педагогики Атырауского государственного университета им.Х.Досмухамедова.

**1997г.** - утверждено ученое звание профессора.

**1998г.** - депутат городского маслихата г. Атырау.

**1999г.** - защита диссертации на соискание ученой степени доктора педагогических наук **«Развитие педагогической валеологии в системе оздоровительной физической культуры старшекласников».**

**2000 - 2008гг** - ректор Атырауского государственного университета им. Х.Досмухамедова.

- избран академиком академии Социальных наук Республики Казахстан./2000гг/

**2001г.** - утвержден председателем специализированного совета по защите диссертаций на соискание ученой степени кандидата педагогических наук по специальности 13.00.01 - «Общая педагогика, история педагогики и образования, этнопедагогика» при Атырауском государственном университете им. Х. Досмухамедова.

**2002г.** - член Президиума областного филиала партии «Отан».

**2003г.** - назначен председателем Атырауского филиала республиканского общественного объединения «Союз ректоров высших учебных заведений Республики Казахстан».

- избран депутатом Атырауского областного маслихата.

**2007г.** - избран председателем Атырауского общественного штаба при партии «Нур Отан» на выборах в Мажилис Республики Казахстан

**2008 - 2009 гг.** - являлся советником ректора Атырауского государственного университета им.Х.Досмухамедова

**2009г.** - избран председателем Общественного Объединения «Прикаспийская академия».

**2011г.** – по сей день ректор Западно-Казахстанского государственного университета им.М.Утемисова

**2012г.** – избран депутатом Западно – Казахстанского областного маслихата, член постоянной комиссии по бюджету и экономическим вопросам.

**ПРОФЕССОР АСХАТ СӘЛІМҰЛЫ  
ИМАНҒАЛИЕВТЫҢ  
ІС – ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ӘДЕБИЕТТЕР**

**ЛИТЕРАТУРА О ЖИЗНИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ  
ПРОФЕССОРА АСХАТА САЛИМОВИЧА ИМАНҒАЛИЕВА**

1. Атырау: Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2000. - 229 б.
2. Арманым - жастарға тегін білім беру // Ар-честь. - 2001. - 29 қыркүйек
3. Атырау университетіне - 50 жыл! - Алматы, 2001.
4. Атырауский университет: льготы, новые факультеты, военная кафедра и др. // Прикаспийская коммуна. - 2001. - 26 июня.
5. Атыраускому государственному университету имени Халела Досмухамедова - 50 лет // Прикаспийская коммуна. - 2001. - 18 сентября
6. Батырбеков, М.Б. Высшая школа Казахстана в лицах/ М.Б.Батырбеков.- Кн.3-я. - Алматы: РОНД, 2001. - С.310 - 311.
7. Студент выбирает вуз, а вуз выбирает достойных //Прикаспийская коммуна. - 2001. - 24 апреля
8. Бизнес-книга Казахстана: Деловой справочник. - Астана: Сарыарка, 2002. - Вып. 2. - С. 236.
9. Қазақ жерінің зиялы азаматтары - Почитаемые люди земли казахской/Құраст. Ж.Ә.Уралбаев. - Алматы: Дәуір, 2002.-Б.232-235
10. Мечтаешь о высшем образовании? Спеши в университет на тестирование[Текст] / Беседа с ректором Атырауского государственного университета А.С.Иманғалиевым // Прикаспийская коммуна. - 2002. -11 июля.
11. По проспекту студентов - в будущее [Текст] / Беседа с ректором Атырауского государственного университета А.С.Иманғалиевым // Столичное образование. - 2002. - № 2. - С. 7 - 9.
12. Диапазон профессий - широк, качество знаний - гарантируем // Прикаспийская коммуна. - 2003. -19 июля.
13. Журналисты Атырау прослушали лекцию профессора Иманғалиева А.С. // Атырау Today. - 2003. - 26 июля
14. Куанышева, М. Время добрых перемен[Текст] / М.Куанышева // Казахст. правда. - 2003. - № 98-99. - 8 апр.

**15.** Оқуға қабылдауда қандай өзгеріс бар? // Атырау. - 2003. - 15 шілде.

**16.** Опять «двойка»? Поставьте ее тому, кто учит! // Прикаспийская коммуна. - 2003. - 8 апр.

**17.** Поднять качество знаний специалистов, обеспечить их трудоустройство-главная задача // Прикаспийская коммуна. - 2003. - 29 июля.

**18.** Куанышева, М. Гарантию качества дает университет [Текст] / М.Куанышева// Казахст. правда. - 2005. - 28 июля.

**19.** Макпырұлы, С. М.Өтемісов атындағы БҚМУ-80 жыл [Текст] / С.Макпырұлы // Қазақстан жоғары мектебі. - 2011. - №4. - Б. 5-10.

**20.** Мұратқызы, В. «Студенттік кезең – жалынды жастықтың куәсі»: М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры Асхат Иманғалиевпен сұхбат [Текст] / В.Мұратқызы // Жастар жанары.-2011.-№8.-28 қазан.-Б. 5

**21.** Сұлтанғалиева, Р. Ақ шағала ақын атында дәрісхана ашылды [Текст] / Р.Сұлтанғалиева // Алаш айнасы. - 2011. - №210.-25 қараша. - Б. 3.

**22.** Сұлтанғалиева, Р. Жаңа мүмкіндіктерге жол ашады [Текст] / Р.Сұлтанғалиева // Нұр Астана. - 2011. - №46. - 24 қараша. - Б. 6.

**23.** Сұлтанғалиева, Р.Мәңгі жаса, тәуелсіз Қазақстан! [Текст] / Р.Сұлтанғалиева // Жайық үні. - 2011. - №51.-22 желтоқсан. - Б. 5.

**24.** Сұлтанғалиева, Р. Тіл мен дәстүрді дәріптеген жоба [Текст] / Р.Сұлтанғалиева // Жайық үні. - 2011. - №52.-29 желтоқсан. - Б. 3.

**25.** Файзоллаұлы, Б. Ақұштаптың аудиториясы бар [Текст] / Б.Файзоллаұлы // Айқын. - 2011. - №225.-1 желтоқсан. - Б. 9.

**26.** Будущее начинается сегодня [Текст] // Өркен. - 2012. - № 6. - май.-С.14

**27.** Габдуллин, Б. "ЗКГУ - конкурентоспособный образовательный центр" [Текст] / Б.Габдуллин // Приуралье. - 2012. - № 82.- 24 июля. - С. 5.

**28.** Западно-Казахстанскому государственному университету - 80 лет [Текст] // Современное образование. - 2012. - №3(87). - С. 32-34.

29. Каткова, О. Эталон высшего образования [Текст] / О.Каткова // Жайық үні = Жизнь города. - 2012. - №48.-29 ноября. - С. 23.
30. Қажымова, Л. Танымал композитор- Ақ Жайықта [Текст] / Л.Қажымова // Жайық үні. - 2012. - №23.-8 маусым. - Б. 3.
31. Корина Л. Евростандарты - в образовательный процесс [Текст]/Л.Корина // Казахст. правда.-2012.-30мая
32. Корина, Л. Уроки чтения для будущих учителей [Текст] / Л.Корина // Казахст. правда. - 2012. - №93-94.-7 апреля. - С. 11.
33. Корина, Л. Конкурентноспособность – главный приоритет [Текст] /Л.Корина // Казахст. правда. - 2012. - №364-365. - 23 октября. - С. 9
34. Корина, Л. Юбилей собирает друзей [Текст] / Л.Корина //Казахст. правда.-2012.-6 июня
35. Осипов, В.Совещались эксперты [Текст] / В.Осипов // Казахст. правда.-2012.-2 февраля
36. Первая ступенька карьерной лестницы [Текст] // Өркен. - 2012. - № 4. – С. 3.
37. По следам П.С. Палласа" [Текст] // Современное образование. - 2012. - № 2. - С. 10-11.
38. Самойлова, Г. Асхат Имангалиев: "Моя мечта - чтобы казахстанские специалисты были востребованы в любой стране мира" [Текст] / Г.Самойлова // Приуралье. - 2012. - №106. - 18 сентября. - С. 8
39. Самойлова, Г. Дороги далекие, маршруты нелегкие [Текст] / Г.Самойлова // Приуралье. - 2012. - № 60. - С. 16.
40. Самойлова, Г. К новому устойчивому развитию [Текст] / Г.Самойлова // Приуралье. - 2012. - № 11.-28 января. - С. 5.
41. Самойлова, Г. Чтобы студент был трудоустроен [Текст] / Г.Самойлова // Приуралье . - 2012. - № 40.-12 апрель. - С. 4.
42. Балыкова, Ж. Лидер в образовании [Текст] / Ж.Балыкова // Приуралье. – 2013. – 11 июля. – С. 10
43. Габдрешұлы, Т. В поисках потомков Махамбета [Текст] / Т.Габдрешұлы // Приуралье. - 2013. - №113.-17 сентября. - С. 1.
44. Горохова, Н. Диалог с депутатами [Текст] / Н.Горохова // Приуралье . - 2013.-№ 40.-11 апреля.-С.2
45. Елубай, О. Алтайдың ақиығы [Текст] / О.Елубай // Егемен Қазақстан. - 2013. - №213-17 қыркүйек. - Б. 5.

46. Ерғалиева, Г. Ғылымда өзіндік орны бар ғалым [Текст] / Г.Ерғалиева // Жайық үні.- 2013.-№33.-15 тамыз.-Б.12
47. Западно – Казахстанский государственный университет им.М.Утемисова – стартовая точка отсчета твоей карьеры [Текст] // Класс time.- 2013. – 31 июля. – С.8
48. Западно – Казахстанский государственный университет им. М. Утемисова – стартовая точка отсчета твоей карьеры [Текст] //Приуралье.- 2013. – 20 авг. – С.7
49. Зинулин, К. Экспедиция побывала в Жангале [Текст] / К.Зинулин // Приуралье. - 2013. - №114.-19 сентября. - С. 8.
50. Куттымурат, К. Поклон Батыру [Текст] / К. Куттымурат // Приуралье. – 2013. – 11 июля. – С.1, 6
51. Избасарұлы, С. Дәстүрлі дін - дінгегіміз [Текст] / С.Избасарұлы // Орал өңірі.-2013.- №116.-19 қыркүйек.-Б. 1-2.
52. Корина, Л. Язык единого народа [Текст] / Л.Корина //Казахст. правда.-2013.-24 апреля
53. Қажымова, Л. Отандық тарихты зерделеудің жүгі ауыр [Текст] / Л.Қажымова // Жайық үні = Жизнь города. - 2013. - №38. - 19 қыркүйек.
54. М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті – сенің мансабыңның бастауы [Текст] // Орал өңірі. – 2013. – 20 тамыз. – Б.6
55. Призванный в образование[Текст]//Приуралье. - 2013.- №103. -С.6
56. Самойлова, Г. Когда слово не расходится с делом [Текст] / Г.Самойлова // Приуралье. - 2013. - №29.-14 марта. - С. 3.
57. Сұлтанғалиева, Р. Қос тізгінді тең ұстап...[Текст] //Ана тілі.-2013.-№32.- Б.7
58. Хамзин, А. Бабалар тарихына тағзым [Текст] / А.Хамзин// Орал өңірі. - 2013. - №118. - 24қыркүйек. -Б. 5.
59. Хамзин, А. Экспедиция в Хан Ордасы [Текст] / А. Хамзин // Приуралье. - 2013. - №116.-24 сентября. - С. 5.
60. Язык как фактор единения [Текст] //Өркен .- 2013.-№5.- С.2

**ПРОФЕССОР АСХАТ СӘЛІМҰЛЫ  
ИМАНҒАЛИЕВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ  
ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШ  
ХРОНОЛОГИЧЕСКИЙ УКАЗАТЕЛЬ ТРУДОВ  
ПРОФЕССОРА АСХАТА САЛИМОВИЧА  
ИМАНҒАЛИЕВА**

**1983**

1. Иманғалиев, А.С. Диканды қалай баулу керек?: [Текст] / А.С. Иманғалиев // Қазақстан ауыл шаруашылығы. -1983.- № 9. - 40 - 41 б.

2. Иманғалиев, А.С. Как вырастить... хлебороба?: Один из путей - создание ученических производственных бригад [Текст] / А.С. Иманғалиев // Сельское хозяйство Казахстана. - 1983. - № 9. - С. 38-39.

**1984**

3. Иманғалиев, А.С. Самоуправление в ученической производственной бригаде [Текст] / А.С. Иманғалиев // Пути совершенствования учебно-воспитательной работы в школах Казахстана. А., 1984. - С.72 - 82.

**1985**

4. Иманғалиев, А.С. Развитие общественно-трудовой активности учащихся в трудовых объединениях школьников: (на материале сельских школ Казахстана. 1958 - 1980 гг.) [Текст] / А.С. Иманғалиев: Автореф. дис. канд. пед. наук. - Алма-Ата, 1985. - 25 с.

5. Иманғалиев, А.С. Развитие общественно-трудовой активности учащихся в трудовых объединениях школьников Казахстана (1958 - 1980 гг.) [Текст] / А.С. Иманғалиев . - Алма-Ата, 1985.

6. Иманғалиев, А.С. Развитие общественно-трудовой активности учащихся сельских школ Казахстана во внеучебной деятельности (1966 - 1980 гг.) [Текст] / А.С. Иманғалиев.-1985. - № 1-1-85.

## **1986**

7. Имангалиев, А.С. Развитие общественно-трудовой активности молодежи - актуальная задача воспитания [Текст] / А.С.Имангалиев //Актуальные проблемы общественных наук: Материалы Республиканской конференции молодых ученых-обществоведов. А., 1986. - Ч.2. - С. 32-33.

## **1990**

8. Имангалиев, А.С. Өзіндік жұмыс - ізденіс айнасы: [Текст] / А.С. Имангалиев, А.Т. Садықовамен // Қазақстан мектебі. - 1990. - № 10. - 15-16 б.

9. Имангалиев, А.С. Некоторые особенности работы будущего классного руководителя с коллективами учащихся в сельской школе: [Текст] / А.С.Имангалиев // Совершенствование подготовки будущего учителя к работе в условиях сельской школы: Материалы Респ. конф. - Гурьев, 1990. - С. 2.

## **1992**

10. Имангалиев, А.С. Ауыл мектебі - ғалымдар назарында [Текст] / А.С. Имангалиев, Қ.Б. Сейталиев // Қазақстан мектебі. - 1991. - № 12. - 8 б.

## **1993**

11. Имангалиев, А.С. Использование элементов народной педагогики в подготовке будущих педагогов [Текст] / А.С.Имангалиев, К.Б. Сейталиев // Совершенствование профессионально-педагогической подготовки будущего учителя в педагогическом вузе: Материалы вузовской конференции /Атырауский университет. - Атырау, 1993. - С.4-6.

12. Имангалиев, А.С. Совершенствование профессионально-педагогической подготовки будущего учителя в педагогическом вузе [Текст] / А.С.Имангалиев.-Атырау: Изд- во Атырауского ун-та,1993

## **1994**

13. Имангалиев, А.С. Использование идей народной педагогики в воспитательно-образовательном процессе детского сада [Текст] :учебное пособие / А.С.Имангалиев, А.М.Мухамеджанова, Ж.С. Хасанова.- Атырау, 1994. - 46 с.

14. Имангалиев, А.С. Физическое воспитание в народной педагогике [Текст]: Методическое пособие/А.С.Имангалиев, А.М. Мухамеджанова, Т.А. Ботагариев. - Атырау, 1994. - 22 с.

### 1995

15. Имангалиев, А.С. Методика применения критериев оценки базовой физической культуры учащихся 5-11 классов г.Атырау [Текст]: метод. рекомендации / А.С.Имангалиев Т.А.Ботагариев. - Атырау, 1995. - 56 с.

### 1996

16. Имангалиев, А.С. Оздоровительная физическая культура в школах г.Атырау (особенности физической подготовленности и физического развития школьников) [Текст]: Метод.рекомендации / А.С.Имангалиев, А.С.Аралбаев, Т.А.Ботагариев. - Атырау, 1996. - 46 с.

17. Имангалиев, А. С.Педагогическое проектирование валеологически ориентированной личности [Текст] / А.С.Имангалиев. - А.: Ана тілі, 1996. - С. 24

18. Имангалиев, А.С. Развитие идей валеологии и физического воспитания детей в казахской этнопедагогике [Текст] / А.С.Имангалиев - Алматы: Өлке, 1996. - 142 с.

### 1997

19. Имангалиев, А.С. Содержание валеологического образования [Текст] / А.С.Имангалиев. - А.: Ана тілі-жалын, 1997. - С. 24

21. Имангалиев, А.С. Основы педагогической валеологии [Текст] / А.С.Имангалиев. - Атырау : [б. и.], 1997. - С. 24

20. Имангалиев, А.С. Практические работы по курсу "Основы валеологии, физического воспитания и развития" [Текст] / А.С.Имангалиев, Г.Ж. Сисенгалиева. - А.: Өлке, 1997. - 207 с.

21. Имангалиев, А.С. Практические работы по курсу «Основы валеологии, физического воспитания и развития» [Текст]: Учебное пособие/ А.С.Имангалиев. - Алматы: Өлке, 1997. - 57 с.

22. Имангалиев, А.С. Прогрессивные идеи и опыт народного воспитания у казахов[Текст]: Монография / А.С.Имангалиев.- Алматы: Өлке, 1997. -140с.

**1998**

**23.** Иманғалиев, А.С. Азамат, ғалым, ұстаз [Текст] / А.С.Иманғалиев // Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылына арналған «Қазақстанның Батыс өлкесі тарихының кейбір проблемалары»: Конференция материалдары. Атырау, 1998.-27 - 29 б.

**24.** Иманғалиев, А.С. Педагогикалық валеологияны дамыту [Текст] / А.С.Иманғалиев // Қазақстан мектебі. - 1998. - № 11-12. – Б.40-42.

**25.** Иманғалиев, А.С. Анализ программ по валеологии [Текст] / А.С.Иманғалиев // Вестник высшей школы Казахстана. -1998. - № 6. - С. 170 - 173.

**26.** Иманғалиев, А.С. Валеологические знания в обеспечении здоровья детей[Текст] / А.С.Иманғалиев // Мысль. - 1998.-№10. - С. 35 -36.

**27.** Иманғалиев, А.С. Валеология - новое направление в педагогических науках[Текст] / А.С.Иманғалиев // Вестник высшей школы Казахстана. - 1998. - № 4. - С. 119-121.

**28.** Иманғалиев, А.С. Валеология [Текст]: учебник/ А.С.Иманғалиев. - Алматы: Алем, 1998. - 205 с.

**29.** Иманғалиев, А.С. Валеология[Текст]: Электронный учебник для старшеклассников/ А.С.Иманғалиев. - Алматы, 1998.

**30.** Иманғалиев, А.С. Информатизация валеологического образования[Текст]: Аннотация электронного учебника/ А.С.Иманғалиев, Г.К.Нурғалиева. - Алматы: Ана тілі - Жалын, 1998. - 24 с.

**31.** Иманғалиев, А.С. Валеологические знания в обеспечении здоровья детей [Текст] / А.Иманғалиев, Г.Сисенғалиева, Б.Тыныбаев // Мысль. - 1998. - №10. - С. 35-36.

**32.** Иманғалиев, А.С. Валеология [Текст] / А.С.Иманғалиев. - А.: Алем, 1998. - 207 с.

**33.** Иманғалиев, А.С. Валеология - новое направление в педагогических науках [Текст] / А.С.Иманғалиев // Вестник Высшей школы Казахстана. - 1998. - № 4. - С. 119-121.

**34.** Иманғалиев, А.С. Анализ программ по валеологии [Текст] / А.С.Иманғалиев // Қазақстан жоғары мектебі. - 1998. - №6. - С.170-173

**35.** Имангалиев, А.С. Использование новых информационных технологий в подготовке специалистов-инженеров [Текст] / А.С.Имангалиев // Проблемы освоения углеводородных ресурсов Прикаспия: Сб. ст. респ. конф.-Атырау, 1998.-С. 15.

**36.** Имангалиев, А.С. О необходимости валеологических знаний [Текст] / А.С.Имангалиев // Вестник высшей школы. - 1998.-№ 10.-С. 37.

**37.** Имангалиев, А.С. Образование: вчера, сегодня, завтра [Текст] / А.С.Имангалиев // Тезисы докладов научно-практической конференции «60 лет образования Гурьевской (Атырауской) области» 30 января 1998 года. Атырау, 1998. - С. 47 - 50.

**38.** Имангалиев, А.С. Основы валеологии: Программа для старших классов средней школы [Текст] / А.С.Имангалиев. - Атырау, 1998. - 15 с.

**39.** Имангалиев, А.С. Педагогическая валеология [Текст] / А.С.Имангалиев // Поиск. -1998. - № 4. - С. 106-111.

**40.** Имангалиев, А.С. Педагогическая валеология [Текст]: Монография/ А.С.Имангалиев. - Алматы: Алем, 1998. - 262с.

**41.** Имангалиев, А.С. Подготовка педагогических кадров для сельской школы в условиях реформирования университетского образования [Текст] / А.С. Имангалиев, К.Б. Сейталиев // Связь вузов и сельских школ по реформированию системы образования: Сб. статей. респ. конф. Атырау, 1998. - С.6.

**42.** Имангалиев, А.С. Развитие педагогической валеологии [Текст] / А.С. Имангалиев // Вестник НПЦ АГУ им. Абая. -1998. - № 28. - С.10

**43.** Имангалиев, А.С. Развитие профессионально - валеологического образования [Текст] / А.С.Имангалиев // Поиск. -1998. -№ 5. -С.135-138.

**44.** Имангалиев, А.С. Содержание валеологического образования [Текст] / А.С.Имангалиев- Алматы: Ана тілі. - Жалын, 1998. - 45 с.

## **1999**

**45.** Имангалиев, А.С. Валеология [Текст]: Учебник / А.С.Имангалиев. - 1999.-207 с.

**46.** Имангалиев, А.С. Педагогические возможности новых информационных технологий в преподавании валеологии [Текст] / А.С.Имангалиев, Г. Сисенгалиева // Қазақстан жоғары мектебі. - 1999. - №3. - С. 102-106.

**47.** Имангалиев, А.С. О необходимости валеологических знаний в Казахстане[Текст] / А.С.Имангалиев, Г.Сисенгалиева, Б.Тыныбаев[др.] // Поиск. - 1999. - № 4 -5. - С. 90-93.

